

Кеңсай ауылдық округінде Жарсу ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 18 наурыздағы № 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 сәуірде № 4968 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 17.11.2017 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабы 3-тармағына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылдың 15 ақпандағы ұсынысы негізінде Кеңсай ауылдық округ әкімі **ШЕШТІ:**

1. Кеңсай ауылдық округіне қарасты Жарсу ауылының ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кеңсай ауылдық округінің әкімі

Т. Бықаев